

**«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»  
КеАҚ жанындағы 8D082-«Мал шаруашылығы» даярлау бағыты  
(8D08201-«Жануарлар туралы ғылым» білім беру бағдарламасы,  
6D080200-«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»  
мамандығы) бойынша Диссертациялық кеңестің 2025 жылғы  
атқарылған жұмысы бойынша  
ЕСЕБІ**

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің 2023 жылғы 2 мамырдағы № 190 бұйрығы, «С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ Ғылыми кеңесінің шешімі (29.06.2023 жылғы №17 хаттама) және университеттің Басқарма Төрағасы - Ректордың 2023 жылғы 17 тамыздағы № 303-Н бұйрығы негізінде құрылған.

Диссертациялық кеңестің төрағасы – а.ш.ғ.д., профессор С.К. Шауенов, төраға орынбасары – а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.К. Бостанова, ғалым хатшы – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Д.К. Ибраев.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері диссертациялық кеңестің шешімімен тағайындалып, С.Сейфуллин ҚАТЗУ Басқарма Төрағасы-Ректордың 05.05.2025 жылғы №1.8.1-3/256-н бұйрығымен бекітілді.

### **1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер**

Биылғы есептік жылда жалпы 4 отырыс өткізілді:

№ 1 отырыс (23 сәуір 2025 жыл) – докторант А.Ж. Исмайлованың 8D082 – Мал шаруашылығы даярлау бағыты, 8D08201 - Жануарлар туралы ғылым білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау;

№ 2 отырыс (23 сәуір 2025 жыл) – докторант Г.К. Долдашеваның 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау туралы өтінішін қарастыру, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді тағайындау;

№ 3 отырыс (30 мамыр 2025 жыл) – 8D082 – Мал шаруашылығы даярлау бағыты, 8D08201 - Жануарлар туралы ғылым білім беру бағдарламасы бойынша докторант А.Ж. Исмайлованың диссертациялық жұмысын қорғауы;

№ 4 отырыс (30 мамыр 2025 жыл) – 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша докторант Г.К.Долдашеваның диссертациялық жұмысын қорғауы;

**2. Өткізілген отырыстардың жартысына кеміне қатысқан кеңес мүшелері - жоқ.**

**3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы  
(ЖЖОКБҰ) көрсетілген докторанттар тізімі**

№	Докторанттың тегі, аты, жөні	Диссертация тақырыбы	Ғылыми консультанттары	Ресми рецензенттері	Жоғарғы оқу орны
1	2	3	4	5	6
1	Исмаилова Айнур Жаркыновна	Сүтті сиырлардың ас қорытуы мен сүт түзуіне көптүзды минералдық қосындылардың әсері	<b>Шайкенова Қымбат Хамитовна</b> – ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасының доценті, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қ., ҚР; <b>Кожебаев Болатпек Жанахметович</b> – ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, «Ауыл шаруашылығы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Шәкәрім университеті», КеАҚ, Семей қ., ҚР; <b>Горелик Ольга Васильевна</b> – ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, «Азық-түлік биотехнологиясы» кафедрасының профессоры, Урал мемлекеттік аграрлық университеті, Екатеринбург, РФ	<b>Абугалиев Серимбек Курманбаевич</b> - ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Аграрлық инновациялық технологиялық парктің Бас ғылыми қызметкері. <b>Калмагамбетов Мурат Байтегулович</b> - ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. «Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Ғылыми-зерттеу институты мен тәжірибе шаруашылығы қызметін үйлестіру орталығының жетекшісі.	С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ
2	Долдашева Гульжайнар Кусаиновна	Ақмола облысы жағдайында жас қой етін өндіру технологияс	<b>Шауенов Саукымбек Кауысович</b> – ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы «Мал шаруашылығы	<b>Паржанов Жанибек Ануарбекович</b> - ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор.	С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ

		ын жетілдіру	өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасының профессоры, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қ., ҚР; <b>Юлдашбаев Юсупжан Артыкович</b> – ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, РҒА академигі, профессор, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті-К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясы» ФМБЖББМ, Москва қ. РФ.	Аймақтық инновациялық университетінің Ғылыми жұмыс және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры; <b>Траисов Балуаш Бакишевич</b> - ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор. «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ	
--	--	--------------	--	---	--

2025 жылы диссертациялық кеңеске 2 докторанттың құжаттары мен диссертациялық жұмысы ұсынылды.

#### 4. Есепті жылы кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

##### 4.1. Қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау

**Исмайлова Айнура Жаркыновнаның** «Сүтті сиырлардың ас қорытуы мен сүт түзуіне көптүзды минералдық қосындылардың әсері» атты диссертациялық жұмысы Шығыс Қазақстан аймағының табиғи цеолиттері негізінде дайындалған көптүзды қосындының сүтті сиырлар рациондарының минералды-дәрумендік қоректілігін арттырып, ас қорытуы мен өнімділігіне әсерін зерттеуге арналған. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде аймақ азықтарымен сүтті сиырды азықтандыру рациондарының минералдық-дәрумендік қоректілігін арттыратын премикс дайындалған; сүтті сиырларды азықтандыру рациондарына премикс қосудың ас қорыту метаболизмі мен зат алмасуына және қоректік заттар конверсиялануы және сиыр сүттілігіне әсері анықталған; Сондай-ақ суалған буаз сиырларды азықтандыру рациондарына премиксті қосу арқылы сиыр буаздығы мен ұрық дамуына әсері анықталды; Диссертацияда сүтті сиырларды азықтандыру рациондарын цеолитті қосындымен байытудың сүт өндірісінің рентабелдік тиімділігіне әсері қарастырылған.

**Долдашева Гульжайнар Кусаиновнаның** «Ақмола облысы жағдайында жас қой етін өндіру технологиясын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Ақмола облысы жағдайында жас қой етін өндіру мақсатында таза тұқымды қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойларының еркек тоқтыларын жайып семірту, бордақылау және таза тұқымды қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойлары мен олардың будандарынан жас қой етін өндіру технологияларын жетілдіруге бағытталған. Ғылыми ізденіс жұмыстарының нәтижесінде шаруашылықта өсірілетін таза тұқымды және будан жас қойлардың өнімділік көрсеткіштері, ет өнімділігін жетілдіру бағытында зерттеулер жүргізілген. Зерттеулердің нәтижесі бойынша қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойларының ет өнімділігін өндіруді жетілдіру мүмкіндігі дәлелденген.

**4.2 Диссертация тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы**

**А.Ж. Исмаилованың** «Сүтті сиырлардың ас қорытуы мен сүт түзуіне көптүзды минералдық қосындылардың әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР АШМ, BR10764965 «Қазақстанның әртүрлі табиғи-климаттық аймақтары үшін бейімделген ресурс-энергияны үнемдейтін және цифрлық технологияларды қолдану негізінде сүтті ірі қара мал шаруашылығында күтіп-бағу, азықтандыру, өсіру және көбейту технологияларын жасау» мақсатты қаржыландырылатын бағдарлама аясында жүргізілген.

**Г.К. Долдашеваның** «Ақмола облысы жағдайында жас қой етін өндіру технологиясын жетілдіру» атты диссертациялық жұмысы №267 «Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасы аясында «Мал шаруашылығы салалары бойынша қарқынды технологияларды әзірлеу» (№BR06249209) ғылыми-техникалық бағдарламасының «Ақмола облысының қой шаруашылығы саласында тиімді технологияларды әзірлеу» ғылыми ізденіс тақырыбы бойынша орындалды. Қазіргі уақытта ғылыми-зерттеу жұмысы BR22885692 «Өнімділіктің әртүрлі бағытындағы қойлардың генетикалық ресурстарын жетілдіру, сақтау және ұтымды пайдаланудың заманауи селекциялық-технологиялық және молекулярлық-генетикалық әдістерін әзірлеу» бағдарлама (жоба) аясында жалғастырылуда.

**4.3. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау**

Докторант **А.Ж. Исмаилованың** ғылыми зерттеулерінің нәтижелері цеолиттер негізінде дайындалған көптүзды қосындының сүтті сиырлар рациондарының минералды-дәрумендік қоректілігін арттырып, ас қорытуы

мен өнімділігін жоғарлатуға бағытталған. Жалпы, диссертациялық жұмыстың нәтижелері «Багратион 2» ШҚ және «Қайрат» шаруа қожалықтарына енгізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша Шығыс Қазақстан аймағында сүтті сиырлар азықтандыру рациондарының минералдық-дәрумендік қоректілігін арттыруға 28-29% цеолит, 1,5-2% *Chlorella vulgaris* ұнтағы, 75-76% күнжарадан тұратын ЦХП-цеолитті-хлореллалы премиксті қосуды ұсынады. Докторанттың жүргізген ғылыми зерттеулерінің негізінде «Премикс для лактирующих коров» 31.10.2022 жылғы №041496 Өнертабысқа Еуразиялық патенті алынған.

**Г.К. Долдашеваның** ғылыми зерттеулері негізінен Ақмола облысы жағдайында әртүрлі жастағы таза тұқымды қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойлары және гемпшир қой тұқымымен будандастыру нәтижесінде алынған будандарынан жас қой етін өндірудің технологиялары жетілдіруге арналған. Докторант зерттеу нәтижелерін Ақмола облысындағы «Табыс» шаруа қожалығына енгізген. Тәжірибе барысында алынған нәтижелері бойынша докторант авторлық ұжыммен бірге қой өсіруші шаруашылықтарға ұсыныстар (Рекомендации по технологии производства ягнятины, КАТУ им. С.Сейфулина, 2020) әзірлеген.

#### **5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау**

Диссертациялық кеңес отырысында қорғалған диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттер қарастырылып, бекітілді. Тағайындалатын рецензенттер ғылыми жобаларға қатысатын, халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар, тиісті мамандықтар бойынша ғылыми дәрежелері, атақтары бар жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдары.

Рецензенттердің пікірлері оларды дайындау талаптарына сәйкес орындалып ресімделді. Жалпы тағайындалған рецензенттер диссертацияларға мұқият талдау жасап, олардың пікірлері диссертацияларды қойылған талаптарға сәйкес орындалғанын көрсетті.


#### **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар**

Ауыл шаруашылығы саласының ерекшелігін, оның ішінде маусымдық-далалық жұмыстар мен зерттеулерді ескере отырып, докторанттарды оқыту (даярлау) ұзақтығын бір жылға ұзартуды ұсынамыз, себебі 2-3 жыл ішінде олар зерттеулерді аяқтауға және жарияланымдарды, әсіресе жоғары импакт-факторы бар шетелдік басылымдарда жариялауға толыққанды үлгермейді.

7. Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар бойынша қаралған диссертациялар саны

Көрсеткіштер	8D082 Мал шаруашылығы даярлау бағыты 6D080200-«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы
Қорғауға қабылданған диссертациялар	2
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Қараудан алып тасталған диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар;	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар	-
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	-
Пысықтауға жіберілген диссертациялар	
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	
Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар	
оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының	

Диссертациялық кеңестің төрағасы

 С. Шауенов

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

 Д. Ибраев

Күні 2025 жылғы «25» желтоқсан

